ISSN 2788-7979 (online)

ҒТАМР 16.21.49 DOI: 10.59102/kufil/2026/iss3pp27-40

А.А. Арсланбаев[1], О.С. Жұбай[1]
[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, 050040, Қазақстан

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ «ЕМЛЕ ТУРАЛЫ» МАҚАЛАСЫНДАҒЫ ЕМЛЕ ЖҮЙЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ОРФОГРАФИЯСЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының 1929 жылы жарияланған «Емле туралы» еңбегіндегі орфографиялық жүйелер талданып, олардың қазіргі қазақ емлесін ғылыми тұрғыдан бағалаудағы маңызы айқындалады. Зерттеу өзектілігі қолданыстағы жазу тәжірибесінде бірізділіктің әлсіреуімен, орфографиялық сөздіктерде тіл жүйесіне сәйкес келмейтін нұсқалардың кездесуімен және Байтұрсынұлының нақты позициясының кейінгі теориялық ұғымдармен араластырыла түсіндірілуімен байланысты. Зерттеудің мақсаты – «Емле туралы» мәтініндегі емле жүйелерін, авторлық бағалаулар мен нақты ұсыныстарды түпнұсқа логикасы бойынша жүйелеп, олардың қазіргі қазақ орфографиясына қатысты әдіснамалық мүмкіндігін көрсету. Зерттеу материалы ретінде тек А. Байтұрсынұлының «Емле туралы» мақаласы алынды. Мәтіндік, құрылымдық-семантикалық, контекстік және салыстырмалы-интерпретациялық тәсілдер қолданылды. Нәтижесінде ғалым емле негізін таңба жүйелі, тарих жүйелі, туыс жүйелі және дыбыс жүйелі деп төртке жіктегені; оларды тең дәрежеде қолдамағаны; туыс немесе дыбыс жүйесінің бірін абсолюттендіруге де, әр сөзге жеке ереже жасауға да қарсы болғаны анықталды. Автордың негізгі шешімі бұрынғы емлені тұтастай өзгерту емес, оның кемшіліктерін тіл заңына сәйкес түзету және туыс пен дыбыс жүйесінің «түкпіріне қамалмайтын» жол табу екені дәйектелді. Мақаладағы сегіз ұсыныс түбір тұлғасын тану, көмескі дыбысты айқын позицияда тексеру, қосымша мен көмекші сөздерді жүйелі таңбалау сияқты өзара байланысты нормалау амалдары ретінде сипатталды. Талқылауда бұл нәтижелер қазіргі орфографиялық сөздіктердегі жүйелілік мәселесіне қатысты отандық зерттеулермен салыстырылды. Зерттеудің құндылығы Байтұрсынұлының төл тұжырымдарын зерттеушілердің кейінгі интерпретацияларынан ажыратып көрсетуімен анықталады. Нәтижелерді емле ережелерін жетілдіруде, орфографиялық сөздік түзуде және қазақ орфографиясын оқытуда пайдалануға болады.

Кілт сөздер: қазақ орфографиясы, емле жүйесі, дыбыс жүйелі емле, туыс жүйелі емле, орфографиялық норма, тіл жүйесі, орфографиялық сөздік, бірізділік.

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Зерттеудің негізгі тезисі – А. Байтұрсынұлының «Емле туралы» мақаласын кейінгі орфография теориясында орныққан атауларды кері телу арқылы емес, мәтіннің өз ұғымдық жүйесімен талдау қажет. Ғалым ең алдымен емленің төрт негізін: таңба жүйелі, тарих жүйелі, туыс жүйелі және дыбыс жүйелі емлені ажыратады. Сондықтан оның позициясын «тіл табиғатына сәйкестік», «үнемділік» немесе «түсіндірілгіштік» тәрізді кейінгі зерттеуші қалыптастырған жалпы өлшемдермен ғана беру түпнұсқадағы ғылыми жіктеуді көмескілендіреді. Мұндай ұғымдар талдау категориясы ретінде қолданылуы мүмкін, бірақ олар Байтұрсынұлының төл терминдері ретінде ұсынылмауға тиіс.

Мақалада төрт жүйе тең құқықты балама ретінде берілмейді. Таңба жүйелі емле тіл біліміне сүйенбей, келісіммен белгі бекітуге негізделетін жүйе ретінде сипатталады. Тарих жүйелі емле қалыптасқан дағдыны сақтайды, бірақ емлені түзету міндетіне тікелей жауап бермейді. Негізгі ғылыми талас туыс жүйелі және дыбыс жүйелі емленің арақатынасына

ISSN 2788-7979 (online)

шоғырланады. Байтұрсынұлы екі жүйенің бірін шексіз қолданудың салдарын нақты мысалдармен көрсетіп, олардың ешқайсысын жеке-дара абсолюттендірмейді [1, 187–189].

Ғалымның аралық жолы принципсіз араластыру дегенді білдірмейді. Ол «керегіне қарап» әр сөзге жеке ереже жасауды да қолайсыз деп бағалайды. Ұсынылған шешім түбір сөзді оңаша айтылғандағы қалпына сүйену, дыбыстық ықпалдан көмескіленген элементті айқын позицияда тексеру, тұлғасы тұрақты өзгерген сөзді сол қалпында жазу және грамматикалық бірліктердің шекарасын жүйелі көрсету сияқты өзара сабақтас амалдарға негізделеді [1, 189–191]. Демек, Байтұрсынұлы үшін емле бір реттік келісімдер жиынтығы емес, қайталанып қолданылатын ортақ тілдік өлшемдер жүйесі.

Қазіргі орфографияға қатысты негізгі қағида – өзгерісті мүлде терістеу де, қалыптасқан жазуды тұтастай бұзу да дұрыс емес. Байтұрсынұлы бұрынғы емленің кемшіліктерін ғана түзетуді және ұсынылған жаңалықтың бұрынғыдан артық болуын талап етеді [1, 189]. Бұл позиция қазіргі сөздіктердегі әркелкі нұсқаларды нормативтік болғаны үшін ғана мінсіз деп қабылдауға жол бермейді. Керісінше, әрбір норма қазақ тілінің дыбыстық, морфологиялық және синтаксистік жүйесіне сәйкестігі, жалпы ережеге бағынуы және бірізді қолданылуы тұрғысынан тексерілуі қажет.

КІРІСПЕ

Орфография – жазба тілдегі сөздер мен грамматикалық тұлғаларды біркелкі таңбалауды қамтамасыз ететін нормалар жүйесі. Оның қоғамдық қызметі бір сөзді әркімнің өзінше жазуына жол бермеумен ғана шектелмейді. Ортақ емле мәтінді жылдам тануға, жазылған ақпаратты дәл қабылдауға, білім беру мен баспа тәжірибесін тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Осы себепті емле мәселесі әріп таңдау немесе жекелеген орфограмманы белгілеу деңгейіндегі техникалық міндет емес; ол тілдің дыбыстық құрылымы, морфемалық құрамы, сөздердің тіркесу ерекшелігі және жазу дағдысы тоғысатын күрделі ғылыми сала болып табылады. Жазу жүйесінің тілдік құрылыммен байланысын қарастырған еңбектер де орфографияның сөйлеудің механикалық көшірмесі емес, тілдік бірліктерді белгілі бір деңгейде сұрыптап көрсететін дербес таңбалық жүйе екенін айқындайды [8, 15–31].

Қазақ орфографиясының ғылыми негіздерін қалыптастыруда Ахмет Байтұрсынұлының орны айрықша. Ғалым әліпби жасап қана қойған жоқ, дыбыс пен әріптің арақатынасын, түбір мен қосымшаның жазылуын, сөздердің бірге, бөлек және қосарлық белгімен таңбалануын оқыту тәжірибесімен байланыстыра қарастырды. Оның әр кезеңдегі оқулықтары мен мақалалары қазақ жазуының ішкі құрылымын танып, оны жүйелі ережеге айналдыруға бағытталды. Сондықтан «Емле туралы» мақаланы ғалымның төл терминдері, жіктеулері және мәтін ішінде келтірілген нақты дәлелдері негізінде қарастыру қазақ емлесінің ғылыми логикасын дәл ашуға мүмкіндік береді.

«Емле туралы» мақаласы осы ізденістердің қорытынды сипатты мәтіндерінің бірі. Ол 1929 жылғы 27 наурызда «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған. Зерттеуде пайдаланылған нұсқа А. Байтұрсынұлының алты томдық шығармалар жинағының бесінші томында берілген. Жинақтағы мәтіннің тақырыбынан кейін оның қысқартылып алынғаны ескертіледі [1, 187]. Бұл дерек зерттеудің шегін анықтауда маңызды: қазіргі қолда бар нұсқа мақала мазмұнының негізгі желісін сақтағанымен, түпнұсқа газет мәтінінің барлық бөлігін қамтымауы мүмкін. Сондықтан зерттеу қорытындылары жарияланған жинақтағы мәтіндік материал көлемінде жасалады.

Мақаланың ғылыми салмағы оның емле туралы жалпы пікір айтуында емес, мәселені нақты жіктеу және нақты шешім ұсыну арқылы талдауында. Байтұрсынұлы «Емле негізі 4 түрлі» деп, таңба жүйелі, тарих жүйелі, туыс жүйелі және дыбыс жүйелі емлені ажыратады [1, 187]. Одан кейін әр жүйенің негізін, мүмкіндігін және шектеуін түсіндіреді. Әсіресе туыс жүйелі және дыбыс жүйелі емлені жеке-дара қолданудың салдарын сөз тұлғалары арқылы көрсетеді. Осылайша теориялық ұғым бірден тілдік материалмен тексеріледі. Ғалым ұсынған сегіз тармақ та жалпы декларация емес, түбір сөз, өзгерген сөз, көмескі естілетін дыбыс,

ISSN 2788-7979 (online)

қосымша, қосалқы және қосынды сөз, жалғаулық, анықтауыштық тіркес, көсемше мен көмекші етістік сияқты нақты нысандарға бағытталған.

Қазіргі зерттеулерде Байтұрсынұлының емле ұстанымдары әртүрлі қырынан түсіндіріледі. Қ. Күдеринова ғалым атаған жүйелерді кейінгі орфографиялық принциптермен салыстырып, қазақ емлесінің туыс және дыбыс жүйесінің біріне толық қамалмайтын жолды ұстанғанына назар аударады [6]. Р. Сыздық қазақ орфографиясында дыбыстық және морфологиялық уәждердің қатар қызмет ететінін, дұрыс жазу нормаларының ортақ әрі тұрақты болуы керектігін көрсетеді [4, 18–30]. Н. Уәли графика, орфография және орфоэпияның байланысын, дыбыс пен әріп қатынасының шарттылығын және норманың сөздік арқылы кодификациялануын жүйелейді [5, 45–63]. Бұл еңбектер Байтұрсынұлы мұрасының кейінгі қазақ орфография теориясында жалғасқанын көрсетеді. Алайда сабақтастық ұқсас терминдерді автоматты түрде бір-біріне теңестіру дегенді білдірмейді; әр зерттеушінің ұғымдық жүйесі мен тарихи кезеңі ескерілуі қажет.

Қазіргі сөздік тәжірибесін талдаған О. Жұбай, А. Салқынбай және Б. Қапалбектің монографиясы мәселенің екінші жағын ашады. Авторлар 2013 жылғы «Орфографиялық сөздіктегі» [7] сөзтізбе, қосымша жалғау, күрделі сөздер мен кірме атаулардың берілуін бұрынғы сөздіктермен салыстырып, көптеген нұсқада жүйелілік сақталмағанын көрсетеді [2]. Еңбекте нормативтік басылымның болуы оның құрамындағы әрбір шешімнің ғылыми тұрғыдан мінсіз екенін білдірмейтіні айқын байқалады. Сондықтан Байтұрсынұлының емле туралы пікірі қазіргі сөздікті жай ғана ақтау үшін емес, керісінше сөздіктегі нормаларды тіл жүйесі мен ортақ қағида тұрғысынан тексеретін әдіснамалық негіз ретінде қарастырылуы тиіс.

Орфографияның әлеуметтік сипатын зерттеген М. Себба жазу нормаларының тілдік құрылыммен қатар мәдени дағды, қоғамдық қабылдау және тілдік идеологиямен байланыста қалыптасатынын көрсетеді [9, 19–35]. Э. Хаугеннің тіл жоспарлау тұжырымында норманы таңдау, кодификациялау және қоғамға енгізу өзара сабақтас кезеңдер ретінде сипатталады [10, 269–279]. Бұл теориялар қазақ емлесінің тарихын тікелей түсіндіретін ұлттық модельдің орнына қолданылмайды. Дегенмен олар Байтұрсынұлы көтерген екі мәселені – норманың тілдік негізі мен оны көпшілікке қолайлы түрде орнықтыру міндетін – жалпы орфография теориясы аясында салыстыра қарауға мүмкіндік береді.

Зерттеу проблемасы осы тұста айқындалады. «Емле туралы» мақаласына арналған талдауларда кейде ғалымның нақты төрт жүйесі мен сегіз ұсынысының орнына «үнемділік», «түсіндірілгіштік», «кодификация» тәрізді кейінгі теориялық атаулар алдыңғы қатарға шығады. Нәтижесінде Байтұрсынұлы барлық принципті теңестірген немесе кез келген аралас емлені қолдаған деген түсінік тууы мүмкін. Екінші жағынан, оның қалыптасқан емлені бірден бұзбау туралы пікірі өзгеріске мүлде қарсы көзқарас ретінде қабылдануы ықтимал. Түпнұсқа мәтін бұл екі пайымның да дәл еместігін көрсетеді: ғалым бірізді ғылыми өлшемсіз жасалған өзгеріске қарсы, бірақ бұрынғы жүйенің кемшілігін түзетуді қажет деп санайды.

Зерттеудің мақсаты – А. Байтұрсынұлының «Емле туралы» мақаласындағы емле жүйелерін, авторлық бағалауларды және нақты ұсыныстарды мәтіннің ішкі логикасы бойынша жүйелеп, олардың қазіргі қазақ орфографиясын бағалаудағы әдіснамалық маңызын анықтау. Осы мақсатқа сәйкес мынадай міндеттер қойылды: мақалада берілген төрт емле жүйесінің мазмұнын ашу; ғалымның туыс және дыбыс жүйелі емлеге қатысты сыни дәлелдерін анықтау; ұсынылған сегіз тармақтың өзара байланысын көрсету; Байтұрсынұлының емлені өзгерту туралы позициясын нақтылау; алынған нәтижелерді қазіргі орфографиялық сөздікке қатысты зерттеулермен салыстыру. Зерттеу нысаны – «Емле туралы» мақаласындағы орфографиялық пайымдар, зерттеу пәні – төрт емле жүйесі мен оларды нақтылайтын авторлық ұсыныстардың ғылыми құрылымы.

Зерттеудің болжамы бойынша, «Емле туралы» мәтініндегі негізгі идея фонетикалық және морфологиялық принципті жай араластыруда емес, сөздің тілдік дербестігін сақтайтын әрі дыбыстық ықпалды жүйелі тәсілмен тексеретін нормалау моделін ұсынуда жатыр. Ғылыми жаңалық – мақаладағы төл терминдер, авторлық бағалау және қазіргі зерттеушілік интерпретация үш бөлек деңгейде қарастырылып, олардың арасы ажыратылды. Мұндай тәсіл

ISSN 2788-7979 (online)

Байтұрсынұлының мұрасын бүгінгі теорияға күшпен сәйкестендірмей, оның өз ғылыми логикасын қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Зерттеудің жалғыз негізгі материалы – Ахмет Байтұрсынұлының «Емле туралы» мақаласы. Мәтін 1929 жылғы 27 наурызда «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған, ал осы зерттеуде 2013 жылы Алматыдағы «Ел-шежіре» баспасынан шыққан алты томдық шығармалар жинағының V томындағы нұсқасы пайдаланылды [1, 187–195]. О. Жұбай, А. Салқынбай және Б. Қапалбектің монографиясы, Р. Сыздық, Н. Уәли, Қ. Күдеринова және шетелдік зерттеушілердің еңбектері зерттеу материалына енгізілген жоқ; олар нәтижелерді түсіндіру және бұрынғы ғылыми тұжырымдармен салыстыру үшін теориялық әдебиет ретінде ғана қолданылды. Осы шектеу зерттеу материалы мен ғылыми пікірдің араласып кетпеуін қамтамасыз етеді.

Мәтінді талдаудың бірлігі ретінде мағыналық тұрғыдан аяқталған пайымдар алынды. Олар бес санатқа бөлінді: 1) емле жүйесіне берілген анықтама; 2) жүйенің артықшылығы немесе шектеуі туралы авторлық баға; 3) қарсы ұсынысқа келтірілген тілдік мысал; 4) Байтұрсынұлы ұсынған нормативтік шешім; 5) шешімнің түсіндірмесі. Мұндай жіктеу арқылы мәтіндегі сипаттау, сынау және ұсыныс жасау қабаттары өзара ажыратылды. Тілдік мысалдар жеке дерек ретінде қарастырылып, олардың автор дәлеліндегі қызметі анықталды.

Зерттеу бірнеше кезеңмен жүргізілді. Бірінші кезеңде мақала толық оқылып, төрт емле жүйесіне қатысты анықтамалар белгіленді. Екінші кезеңде туыс және дыбыс жүйелі емлені шектен тыс қолдануға қарсы мысалдар топтастырылды. Үшінші кезеңде сегіз ұсыныстың нысаны мен қызметі анықталып, олардың түбірді сақтау, дыбыстық дүдәмалдықты шешу және грамматикалық шекараны көрсету тәрізді үш ірі бағытқа бірігетіні тексерілді. Төртінші кезеңде алынған нәтижелер қазіргі қазақ орфографиясы туралы зерттеулермен салыстырылды. Салыстыру түпнұсқа мәтінді қайта мағыналандыру үшін емес, оның қазіргі ғылыми талқылаудағы орнын анықтау үшін қолданылды.

Негізгі тәсіл – мәтіндік және құрылымдық-семантикалық талдау. Мәтіндік талдау Байтұрсынұлының терминдерін, дәйектерін және қорытындысын бір контексте қарауға мүмкіндік берді. Құрылымдық-семантикалық тәсіл төрт жүйе мен сегіз ұсыныстың арасындағы мағыналық байланысты анықтау үшін қолданылды. Контекстік тәсіл 1929 жылғы емле талқысының реформалық сипатын және автордың бұрынғы жазу тәжірибесіне қатынасын ескеруге бағытталды. Салыстырмалы-интерпретациялық тәсіл арқылы зерттеу нәтижелері кейінгі орфографиялық еңбектердегі тұжырымдармен салыстырылды. Зерттеудің жетекші сұрағы: Байтұрсынұлы туыс және дыбыс жүйелі емленің арақатынасын қандай ортақ өлшемдер арқылы шешті? Ұсынылған тезис: ғалымның шешімі жекелеген принциптерді механикалық араластыру емес, түбірдің дербестігі мен дыбыстық айқындықты қайталанатын тілдік амалдар арқылы үйлестіру болып табылады.

НӘТИЖЕЛЕР

Талдаудың бірінші нәтижесі – «Емле туралы» мақаласының бастапқы құрылымы кейінгі жалпылама қағидаларға емес, төрт нақты емле жүйесіне негізделетіні. Ғалым: «Емле негізі 4 түрлі» деп, оларды таңба жүйелі, тарих жүйелі, туыс жүйелі және дыбыс жүйелі деп атайды [1, 187]. Осы сөйлем бүкіл мақаланың теориялық өзегін құрайды. Әр жүйенің атауынан кейін оның негізгі өлшемі жақша ішінде беріледі: таңба жүйесінің негізі – ынтымақ, тарих жүйесінің негізі – дағды, туыс жүйесінің негізі – сөздің тегі, дыбыс жүйесінің негізі – естілу. Демек, жіктеу жазудың қандай дерекке сүйеніп норма жасайтынына қарай құрылған.

Таңба жүйелі емле белгілі бір сөзге немесе дыбысқа таңбаны тіл білімінің дәлеліне сүйенбей, ортақ келісіммен бекіту ретінде сипатталады. Байтұрсынұлы мұны ру таңбасы мен сан белгілерін таңдауға ұқсатады. Ғалым мұндай жүйені кең талқыламайды, себебі қазақ

ISSN 2788-7979 (online)

емлесі «тіл іліміне, тіл жүйесіне тіреліп» жасалуы тиіс деп есептейді [1, 187]. Бұл тұста маңызды нәтиже шығады: қоғамдық келісімнің өзі нормаға жеткілікті негіз емес. Келісім тілдік жүйеге сүйенген ғылыми таңдауды бекітуі мүмкін, бірақ ғылыми негіздің орнын баса алмайды. Сондықтан Байтұрсынұлы позициясын тек «қоғам қабылдаса болды» деген әлеуметтік келісім үлгісіне сыйғызу қате.

Тарих жүйелі емле бұрын қалыптасқан жазылымды тіл өзгерсе де дағды бойынша сақтау ретінде түсіндіріледі. Мұндай жүйеде бір дыбысты бірнеше әріп беруі немесе дыбыстық қызметін жоғалтқан әріптің жазуда сақталуы мүмкін. Байтұрсынұлы бұл жүйені де негізгі талқылаудан шығарып тастайды: егер бұрынғы дағдыны өзгеріссіз ұстану мақсат болса, емле мәселесін қозғаудың өзі қажет болмас еді [1, 187–188]. Осы пікір ғалымның дәстүрді мүлде жоққа шығармағанын, бірақ дағдыны абсолютті дәлел ретінде қабылдамағанын көрсетеді. Қалыптасқан норма өзгерісті тежейтін фактор болуы мүмкін, алайда тіл жүйесіне қайшы кемшілікті тек «осылай жазылып келді» деген уәжбен сақтап қалуға болмайды.

Туыс жүйелі емле сөздің сөйлеу үстіндегі өзгерген дыбысталуына емес, тегіне және дербес тұлғасына сүйеніп жазуды көздейді. Автор *қара ат* тіркесінің жалғаса айтылғанда *қарат* болып естілуі мүмкін екенін, бірақ сөздердің түбірлік дербестігін сақтау үшін олардың бөлек және бастапқы тұлғасында жазылатынын түсіндіреді [1, 188]. Қазіргі терминологиямен бұл құбылысты морфологиялық немесе түбір сақтаушы ұстанымға жақындатуға болады. Дегенмен Байтұрсынұлының «туыс жүйесі» кейінгі морфологиялық принциппен толық тең емес: оның түсіндіруінде сөздің тегі, дербес түбірі және басқа тұлғалармен байланысы қатар ескеріледі.

Дыбыс жүйелі емле естілуге сүйенеді, бірақ «қалай естілсе, солай жазу» формуласының өзі екі түрлі болуы мүмкін. Байтұрсынұлы сөздің жеке айтылғандағы дыбысталуы мен сөйлем ішінде өзге сөздермен жалғасып айтылғандағы дыбысталуын ажыратады. Қазақтың бұрынғы емлесі сөзді оңаша айтқандағы қалпына сүйенгендіктен, жалпы сипаты бойынша дыбыс жүйелі деп аталған. Жаңа емле ұсынушылар, керісінше, екі не үш сөз жалғасып айтылғандағы дыбыстық өзгерістерді де жазуға түсіруді көздеген. Таластың шешуші тұсы дыбыстық принциптің бар-жоғында емес, қай позициядағы естілімнің нормаға негіз болатынында жатыр [1, 188–189].

1-кесте – «Емле туралы» мақаласындағы төрт жүйенің мазмұны

№	Емле жүйесі	Негізі	Авторлық бағалаудың түйіні
1	Таңба жүйелі	Ынтымақ, келісім	Тіл іліміне сүйенбейтін таңдау қазақ емлесіне жеткілікті негіз емес.
2	Тарих жүйелі	Дағды, дәстүр	Бұрынғыны өзгеріссіз сақтау емлені түзету міндетін шешпейді.
3	Туыс жүйелі	Сөздің тегі мен дербес түбірі	Түбірді тануға көмектеседі, бірақ шектен тыс қолданылса айтылымнан алшақтайды.
4	Дыбыс жүйелі	Естілу	Сөзді оңаша айтқандағы естілім пайдалы; жалғас айтылымды түгел жазу тұлғаны бұзады.

Екінші нәтиже – автор туыс және дыбыс жүйелі емленің ешқайсысын шексіз қолдануға болмайтынын нақты қарсы мысалдармен дәлелдейді. Жаңа емле жобасындағы жалғаса айтылған дыбысты жазуға көшіру талабын көрсету үшін *Тұрғанбай – Тұрғамбай, қонған – қоңған, інге – іңге, бара алмайды – баралмайды, жазды күні – жаздыгүні, басшы – башшы, ізші – ішші, қазса – қасса* тәрізді қатарлар беріледі [1, 189]. Бұл мысалдардың қызметі тек дұрыс және бұрыс нұсқаны салыстыру емес. Олар жалғас айтылымды түгел таңбалағанда сөздің түбірі, грамматикалық шекарасы және мағыналық дербестігі көмескіленетінін көрсетеді.

Байтұрсынұлы жаңа жобаны үш өлшеммен сынайды: емле үйренуге оңай бола ма, көз тануына және қол жүруіне жеңіл бола ма, басқа түркі халықтарына түсініктірек бола ма? Автор

ISSN 2788-7979 (online)

бұл сұрақтарға теріс жауап береді [1, 189]. Мұндағы «көз тануы» жазылған тұлғаны тез тануға, «қол жүруі» тұрақты жазу дағдысына қатысты. Бұл өлшемдер қазіргі терминмен оқылым мен жазылымның психолингвистикалық қолайлылығына жақын. Алайда оларды ғалым дербес «үнемділік принципі» деп атамаған. Сондықтан зерттеуде бұл белгілер Байтұрсынұлының тікелей термині емес, оның дәлелдеу тәсілінің құрамдас өлшемі ретінде бағаланды.

Кілең туыс жүйесін қолданудың салдарын автор *балалы, тұзлы, атлы; баланы, тұзны, атны* тәрізді формалар арқылы көрсетеді. Мәтіндегі мысалдардың мәні – түбірді еш өзгеріссіз сақтауға ұмтылу қосымшалардың қазақ тіліндегі дыбыстық вариантарын жоққа шығарып, табиғи айтылымнан алшақтататыны. Кілең дыбыс жүйесін қолданғанда *сөзшең* сөзін *шөшшең*, *ішшілер* мен *ісшілерді* бірдей *ішшілер*, *жазса* сөзін *жасса*, *сезсе* сөзін *сессе* түрінде жазуға тура келер еді [1, 189]. Мұндай жазылым сөздердің мағыналық айырымын және түбір тұлғасын әлсіретеді.

Осы дәлелдерден Байтұрсынұлының басты шектеу қағидасы көрінеді: туыс жүйесі түбірді тануды қамтамасыз еткенімен, қазақ тіліндегі заңды дыбыстық алмасуларды жоққа шығармауы керек; дыбыс жүйесі айтылымға жақын болғанымен, контекстік ықпалдан туған уақытша өзгерісті негізгі тұлғаның орнына шығармауы керек. Ғалым екі жүйенің де «түкпіріне қамалмауды» ұсынады [1, 190]. Бұл – екі принципті жартылай қолдану емес, әрқайсысының қызмет ететін деңгейін анықтау. Түбір мен сөз шекарасы сақталатын жерде туыстық белгі шешуші болса, сөздің дербес қалпындағы анық естілім дыбыстық шешімге негіз болады.

Үшінші нәтиже – автор «аралас емле» ұғымының өзі жүйесіз қолданылуы мүмкін екенін ескертеді. Екі жүйені керегіне қарай қолдануды айтқанымен, әрбір сөзге жеке-жеке шешім ұсынатындар «сөз басына ереже» жасайды. Мұндай жол ережелер санын көбейтіп, емлені қиындатады [1, 189]. Демек, Байтұрсынұлы жеке орфограмманы дауысқа салу немесе сөздікке бір реттік шешіммен енгізу тәжірибесін қолдамайды. Ортақ ереже бірнеше сөзге бірдей қолданылып, тілдік себеппен түсіндірілуі керек. Бұл қорытынды қазіргі сөздік жасауда да маңызды: сөзтізбедегі әр нұсқа жалпы принципке бағынып, ұқсас құрылымдағы өзге бірліктермен бірдей шешілуге тиіс.

Автор сөздерді қосып жазуға шамадан тыс құмарлықты да жүйесіздіктің бір көрінісі ретінде сынайды. *Бара алмайды* тіркесін *баралмайды* түрінде жазу ұсынысына қарсы ол көсемше мен көмекші етістіктің грамматикалық дербестігін алға тартады. Мұндай тіркес екі ғана компоненттен тұрмай, *кете берер ме екен, кете бере алар ма екен, кете бере алмай отырғанымды-ау* сияқты бірнеше сөзге ұлғая алады [1, 190]. Егер жалғас айтылу мен бір ұғымды білдірудің өзі бірге жазуға негіз болса, күрделі етістік құрылымдарының шекарасын тұрақты белгілеу мүмкін болмайды. Осыдан бөлек жазудың өлшемі тек пауза емес, компоненттердің грамматикалық қызметі екені анықталады.

Төртінші нәтиже – Байтұрсынұлы емлені түгел өзгертуге емес, бұрынғы жүйенің нақты кемшілігін түзетуге бағытталған бағдар ұсынады. Оның «қопақардай етіп емле жүйесін өзгертеміз демей, бұрынғы емленің кеміс жерлері болса, соларын ғана түзеу» туралы пікірі өзгеріске қарсы консервативті ұстаным емес [1, 189]. Сөйлемнің жалғасында бұрынғы емленің кемшіліктерін түзету, басқа түркі халықтарына жазу тілін мүмкіндігінше түсінікті ету және туыс пен дыбыс жүйесінің арасынан жол табу қажеттігі айтылады. Яғни өзгерістің шарты – оның жүйелі, түсінікті және бұрынғыдан тиімді болуы.

Бесінші нәтиже – мақаладағы сегіз ұсыныс кездейсоқ тізім емес, төрт жүйе туралы теориялық талдаудан туған нақты норма жасау моделі. Бірінші ұсыныс әрбір өз алдына түбірі бар сөзді оңаша айтылғандағы естілімі бойынша жазуға бағытталған. Мұнда мағыналық тұтастық емес, тұлғалық дербестік өлшем болады. Бірнеше сөз бір ұғымды білдірсе де, әр компоненттің өз алдына түбірі болса, оларды жалғас айтылымға қарап тұтастырып жіберу емлені жеңілдетпейді [1, 190]. Бұл қағида сөз шекарасын сақтап, дыбыстық ықпалдың жазуға шамадан тыс енуін тежейді.

Екінші ұсыныс тұлғасы тұрақты өзгеріске түскен сөзді өзгерген қалпында жазуды көздейді. Автор *үйтіп, бүйтіп, сүйтіп, әйтсе де, әйтпесе, бұрнағы, бұрсі, белбеу* тәрізді мысалдарды атайды [1, 190]. Мұнда синхрондық тұрғыдан орныққан тұлға басшылыққа

ISSN 2788-7979 (online)

алынады. Бұл қағида түбірді тарихи қалпында міндетті түрде қалпына келтіруді талап етпейтінін көрсетеді: егер өзгеріс бірде олай, бірде бұлай айтылатын уақытша құбылыс емес, тұрақты сипат алса, сол қалып нормаға айнала алады. Осы тұжырым тарих немесе туыс жүйесін абсолюттендіруге қарсы тағы бір дәлел береді.

Үшінші ұсыныс дыбыстық ықпалдан дүдәмал естілетін элементті айқын позицияға шығарып тексеруге негізделеді. Байтұрсынұлы *б–п, т–д, ж–ш, з–с* тәрізді үйлес дыбыстардың көрші дыбыс әсерінен көмескіленетінін көрсетеді. *Басты* тұлғасындағы қосымшаның *т* не *д* екені күмәнді болса, оны *әнге салды* сияқты айқын ортада тексеруге болады; септік қосымшалары да *балдың, малдың, қардың; балды, малды, қарды* тәрізді сөздер арқылы айқындалады [1, 191]. Бұл амал «қалай естілсе, солай жазу» емес, фонетикалық ортаға тәуелсіз, анық нұсқаны табу тәсілі.

Төртінші ұсыныс қосымшаның өзіне қатысты: қосымшалар қосылатын сөзбен бірге жазылады. Бұл ереже түбір мен қосымша арасындағы морфологиялық байланысты графикалық тұрғыдан тұтастырады. Бесінші ұсыныс сол кезеңдегі қосалқы сөз, қос сөз, қосар сөз және қосынды сөздердің бәрін қосарлық белгімен жазуға арналған. Қазіргі емледе бұл тармақтың барлық шешімі дәл сол күйінде сақталмаған. Сондықтан оның тарихи нақты нәтижесін бүгінгі нормаға механикалық көшіру дұрыс емес. Дегенмен ұсыныстың әдіснамалық мәні сақталады: құрылымы ұқсас бірліктерге ортақ, алдын ала белгілі графикалық шешім беру керек.

Алтыншы ұсыныс жалғаулықтардың бөлек жазылуын сақтайды және олардың дыбыстық варианттарын жалғаулардағы дүдәмалдықты шешетін тәсілмен анықтауды көздейді. Жетінші ұсыныс анықтауыштық қатынастағы сын есім мен зат есімді бөлек жазып, лексикаланған қосынды сөздерге сол кезең үшін қосарлық белгі қолдануды ұсынады. Сегізінші ұсыныс көсемше мен көмекші етістікті бөлек жазуды бекітеді [1, 193–194]. Соңғы үш тармақтың ортақ өзегі – жалғас айтылымның графикалық тұтастыққа автоматты түрде айналмайтыны. Сөздердің синтаксистік және грамматикалық қызметі олардың жазылу шекарасын анықтауға қатысады.

Сегіз ұсынысты қызметіне қарай үш топқа біріктіруге болады. Бірінші топ түбір тұлғасын және сөз шекарасын сақтайды: бірінші, төртінші және сегізінші тармақтар. Екінші топ айтылымдағы тұрақты және уақытша өзгерісті ажыратады: екінші және үшінші тармақтар. Үшінші топ сөздердің тіркесу түріне ортақ графикалық тәртіп береді: бесінші, алтыншы және жетінші тармақтар. Осы топтастыру зерттеушілік интерпретация болып табылады; Байтұрсынұлы мәтінде мұндай үштік атауды қолданбайды. Дегенмен ол сегіз тармақтың ішкі байланысын және ұсыныстардың төрт жүйе туралы талдаудан қалай туындайтынын көрсетуге мүмкіндік береді.

2-кесте – А. Байтұрсынұлы ұсынған сегіз тармақтың қызметі

№	Ұсыныстың қысқаша мазмұны	Нормалаудағы қызметі
1	Түбір сөзді оңаша айтылғандағы естілім бойынша жазу	Сөздің дербес тұлғасы мен шекарасын сақтау
2	Тұрақты өзгерген сөзді өзгерген қалпында жазу	Қалыптанған өзгерісті уақытша алмасудан ажырату
3	Көмескі дыбысты айқын позицияда тексеру	Контекстік ықпалдан тәуелсіз нұсқаны анықтау
4	Қосымшаны сөзбен бірге жазу	Морфологиялық тұтастықты көрсету
5	Қосалқы, қос, қосар және қосынды сөздерді ортақ белгімен реттеу	Ұқсас құрылымдарға бірізді графикалық шешім беру
6	Жалғаулықтарды бөлек жазу	Шылау мен қосымшаның шекарасын ажырату
7	Сын есім мен зат есім тіркесін бөлек жазу	Еркін тіркес пен лексикаланған бірлікті ажырату

ISSN 2788-7979 (online)

№	Ұсыныстың қысқаша мазмұны	Нормалаудағы қызметі
8	Көсемше мен көмекші етістікті бөлек жазу	Күрделі етістіктегі грамматикалық дербестікті сақтау

Жалпы нәтиже бойынша, «Емле туралы» мақаласында норма жасаудың үш шарты анық көрінеді. Біріншісі – шешім тілдің құрылымына сүйенуі керек; таңба туралы келісімнің өзі жеткіліксіз. Екіншісі – норма ұқсас тілдік бірліктерге қайталанып қолданылатын ортақ ережеге айналуы тиіс; сөз сайын жеке шешім жасау қолайсыз. Үшіншісі – өзгеріс бұрынғы жүйені тұтастай бұзбай, нақты кемшілікті түзетуге және жазуды бұрынғыдан тиімді етуге бағытталуы керек. Осы үш шарт ғалымның төрт жүйеге берген бағасын да, сегіз ұсынысын да бір ғылыми желіге біріктіреді.

ТАЛҚЫЛАУ

Зерттеу нәтижелері Байтұрсынұлының емле концепциясын «фонетикалық немесе морфологиялық принциптің қайсысын таңдады?» деген екіұдай сұрақпен шектеуге болмайтынын көрсетті. Ғалымның өзі қолданған «туыс жүйелі» және «дыбыс жүйелі» атаулары кейінгі терминдермен мағыналас болғанымен, олардың мазмұны тарихи мәтін контексінде ашылады. Қ. Күдеринова Байтұрсынұлының жіктеуін кейінгі орфография принциптерімен сабақтастырып, қазақ емлесінің туыс пен дыбыс жүйесінің арасынан жол табуға бағытталғанын көрсетеді [6]. Біздің талдау бұл пікірді нақтылайды: аралық жолдың негізгі тетігі – сөзді оңаша айтылғандағы тұлғаға сүйену және көмескі дыбысты айқын позицияда тексеру. Сондықтан аралық модель принциптердің еркін қоспасы емес.

